

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ӘОЖ 342.92

**КЕҢЕСБЕК ЕРКЕБҰЛАН АЙТБЕКҰЛЫ**

**«Білім беру ұйымдарында нашақорлықтың алдын алу бойынша  
ПО қызметін ұйымдастыру»  
«7М12302 – Құқық қорғау қызметі»  
(бейіндік бағыт)**

«7М12302 - Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша  
«ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» магистрі дәрежесін алу үшін  
магистерлік жоба

**Ғылыми жетекші:  
Әкімшілік – құқықтық  
пәндер кафедрасының бастығы,  
PhD докторы, полиция полковнигі  
Т.С. Салкебаев**

**Қарағанды 2024**

## МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	3
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР ТІЗІМІ.....	4
АНЫҚТАМАЛАР .....	5
КІРІСПЕ.....	6
1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПО ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ.....	9
2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПО ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ.....	13
3. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПО ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ДАМУ ДЕҢГЕЙІ. ....	15
4. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПО ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ДАМУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ, НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЖАЛПЫ ТӘСІЛДЕРІ.....	18
5. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР, ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ .....	22
6. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПО ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ КӨЗДЕЛЕТІН НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ .....	24
ҚОРЫТЫНДЫ .....	25
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	26

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
2. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ.
3. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы.
4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.
5. Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024 – 2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын (құқық бұзушылық профилактикасы саласында) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1233 қаулысы.
6. «Ішкі істер органдарының кәметке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 бұйрығы.
7. «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N591 Заңы.
8. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.

## **ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР ТІЗІМІ**

ҚР – Қазақстан Республикасы

ПО – ішкі істер органдары

ОО – оқу орындары

ЖОО – жоғары оқу орындары

ББҰ – білім беру ұйымдары

КТІ УПИ – Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы

АИТВ – адамның иммун тапшылығының вирусы

ДДҰ – дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар

## АНЫҚТАМАЛАР

Осы жобада келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылды:

*Ішкі істер органдары* - Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органы болып табылады.

*Білім беру* - имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі.

*Кәмелетке толмаған* - заңның әрекетке қабілеттіліктің басталуымен байланыстыратын жасына жетпеген адам (*кәмелетке толмағандар 18 жасқа жетпегендер болып есептеледі*).

*Жасөспірім* - адамның 13 пен 16 жас аралығындағы шағы. Жасөспірім кезеңінде адамда жан қуатының сапалық жаңа құрылымдары қалыптасады.

*КТІ УПИ* - аумақтық ПО-ның кәмелетке толмағандармен жұмыс жөніндегі өкілдері болып табылады, олар өз құзыреті шегінде міндеттерді орындайды.

*Есірткілер* – есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер ретінде жіктелген, оларды шектен тыс пайдаланғанда туындауы мүмкін зардаптарына байланысты халықтың денсаулығы үшін ықтимал қауіпі бар, Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиісті Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген өсімдіктер, заттар немесе препараттар.

*Психотроптық заттар* - Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, соның ішінде 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген, шығу тегі «синтетикалық» немесе табиғи заттар.

*Девиантты мінез-құлық (лат. deviatio - ауытқу)* - жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары; қабылданған құқықтық немесе моральдық нормаларды бұзған адамның мінез-құлқы.

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі:** «Есірткісіз қоғам құру – Қазақстанның әрбір азаматының алдындағы міндеті. Есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың әл-ауқатына зиян келтіретіні бәрімізге белгілі. Құқықтық мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі мемлекеттік, ұлттық, аймақтық, әлеуметтік - саяси, экономикалық, мәдени және қоғамның басқа да ерекшеліктерін көрсететін өзінің ерекше заңдары бойынша дамитын асоциалды құбылыс ретінде қылмысқа қарсы күрес болып табылады. Мұның бәрі есірткінің заңсыз айналымы саласындағы құқық бұзушылықтарды жасауға толықтай қатысты. Нашақорлық жеке адамға, қоғамға және мемлекетке өлшеусіз зиян келтіретін және өз алдына бірқатар проблемаларды тудыратыны анық. Елімізде, жүргізіліп жатқан алдын алу шараларына қарамастан, нашақорлық халықтың барлық үлкен және кіші жастағы топтарын қамтып келеді. Оның кеңінен таралу деңгейі қылмыстық жағдайдың дамуына теріс әсер етеді.

Ал есірткінің тұзағына бір іліккен адам, одан жеңіл құтылып кете алмайды. Нашақорлық дертіне шалдыққан адам онсыз өмір сүре алмайтындай жағдайға жетіп, өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп төндіреді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынған мәліметіне сәйкес 2023 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша елімізде «есірткіні қолданудан туындаған психикалық мінез-құлық бұзылыстары» диагнозымен динамикалық бақылауда тұратын тұлғалар 18 216 адам; 2022 жылы - 18 085 адам; 2021 жылы - 18 689 адам; 2020 жылы - 20 259 адам. Оның ішінде кәмелетке толмағандардың саны 2023 жылы 99 адамды құраған.

«Тездік», «экстази», «метамфетамин», «тұз» - бұлардың барлығы жастар арасындағы кеңінен танылған есірткі заттарының түрлері. Аталған заттар бұрын біздің елімізге заңсыз жолмен Қытай және Ресейден кіргізілетін, ал кейінгі жылдары өкінішке орай, Қазақстанда да жасала бастады.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметінің басты бағыттары - адамның және азаматтың өмірі мен денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

**Зерттеудің мақсаты:** ішкі істер органдарының білім беру ұйымдарындағы, жастар арасындағы нашақорлықтың, есірткі құралдары мен психотроптық заттар айналымына қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлеу, профилактикалық жұмыстарының алгоритмін құрастыру, құқық бұзушылықтарды анықтап, жолын кесу жөніндегі қызметін кешенді талдау.

**Қойылған мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешуді көздейді** осы мәселе бойынша ғылыми материалдарды зерттеу және жалпылау, жоба тақырыбының теориялық даму дәрежесі мен деңгейін анықтау;

нашақорлық, есірткі құралдары мен психотроптық заттар айналымы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық ұғымын анықтау; жастардың арасындағы нашақорлық, есірткі құралдары мен психотроптық заттар айналымы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жай-күйі, құрылымы мен динамикасын талдау; құқық бұзушылықтарды жасауға әсер ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу; ішкі істер органдарының ведомстволық білім беру ұйымдарындағы нашақорлықтың, есірткі құралдары мен психотроптық заттар айналымы саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алудың, анықтаудың және жолын кесудің құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық мәселелерін зерттеу; құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл процесінде ішкі істер органдарының басқа да органдармен өзара іс-қимылын зерттеу болып табылады.

**Жобаның ғылыми жаңалығы** білім беру ұйымдарында нашақорлықтың алдын алу бойынша ПО қызметін ұйымдастыруға қатысты басты перспективалық проблемаларды кешенді зерттеу болып табылады. Осыған дейін қазақстандық ғалымдар ПО профилактикалық қызметінің жекелеген бағыттарын ғана зерттеген болатын, бұл ретте бүгінгі күні мұндай ғылыми еңбектердің саны шамалы. Осыған байланысты ПО профилактикалық қызметінің көптеген мәселелері зерттелмеген күйінде қалып отыр. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасының жиі мерзімді өзгерістері ПО құқық қолдану практикасында туындайтын проблемаларды зерттеу қажеттілігін туғызып отыр. Автормен зерттеу негізінде кәмелетке толмағандарға қатысты есірткіге қарсы профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған ғылым мен практикадағы даулы мәселелер бойынша бірқатар шешімдер ұсынылады және негізделеді, қорытындылар мен ұсыныстар жасалады.

**Ғылыми жаңалық қорғауға шығарылатын күтілетін нәтижелерде де көрініс табады:**

- Есірткіге бейім кәмелетке толмаған адамның жеке басының типологиялық сипаттамасы және негізгі білім беру мекемелеріндегі есірткінің детерминанттары.

- Білім беру ұйымдарындағы нашақорлықтың алдын-алу профилактикасы: құқық бұзушылықтарды жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға бағытталған құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық қызметінің аражігін ажырату.

- Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымы үшін әкімшілік жауапкершілік институтын жетілдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнама бойынша (ҚР ҚК-нің 296-бабы есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу) есірткіні тек қоғамдық орындарда ғана тұтынуға тыйым салынған. Қоғамдық орындарда есірткіні медициналық емес мақсатта пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілік, ал қалған жағдайда (*көлікте, үйде*) әкімшілік тәртіпте жауапкершілікке тартқан

жөн болады. Бұл шаралардың барлығы есірткіні медициналық емес мақсатта пайдалануға толық тыйым салуды қамтамасыз етеді деуге болады.

Білім беру ұйымдарындағы нашақорлықтың алдын алу бойынша ПО қызметін ұйымдастыру, профилактикалық жұмыстардың тиімділігін арттыру және жетілдіру жөніндегі негізгі теориялық ережелер, тұжырымдар, ұсыныстар халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған автордың 2 ғылыми мақаласында баяндалған:

Е.А. Кеңесбек. ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы «Есірткісіз болашақ» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Нашақорлықтың, уытқұмарлық және маскүнемдіктің алдын алу және жолын кесу жөніндегі ПО қызметін ұйымдастыру».

Е.А. Кеңесбек. X халықаралық ғылыми-теориялық конференция «Ғылым және жастар: Жаңа идеялар мен шешімдер» тақырыбында «Жастар ортасында нашақорлықтың алдын алу». (Орталық Қазақстан академиясы).

**Зерттеу объектісі** білім беру ұйымдарында нашақорлықтың алдын алу бойынша ПО қызметін ұйымдастыру, жастар арасында нашақорлықтың алдын алу жұмыстарымен айналысатын мемлекеттік және әлеуметтік институттардың қызметі, осы жұмысты ұйымдастыру процесінде туындайтын құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастар болып табылады.

**Зерттеу пәні** Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалының құрылымын, динамикасын, проблемалары мен даму перспективаларын көрсететін статистикалық деректер;

- кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлықтың алдын алудың құқықтық, медициналық, әлеуметтік және психотерапиялық шараларының қолданыстағы жүйесі;

- заманауи ақпараттық технологиялар және оларды ішкі істер органдарының білім беру ұйымдарындағы нашақорлықтың алдын алу профилактикасында қолдану мүмкіндігі.

**Зерттеу тақырыбының осыған дейінгі зерттелгендік деңгейі** - жастар арасында нашақорлыққа әуестіктің алдын алу, нашақорлықты емдеу, оның таралуы мен пайдалануын шектеу мәселелерімен отандық ғалымдар Ш.Е.Жаманбалаева, Г.О.Нұсқабаева, Е.Алауханов, Ә.Бахауитдинов, Л.Мирсалова, Е.Нұсқабаев, Ә.Құланбай, Ж.С.Бейсенов, Г.Шлымова, М.Тұрғынбекұлы айналысып жүр.



## **1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПО ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ**

Білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілерін, жалпы алғанда кәмелетке толмағанды тәрбиелеу және профилактикалық жұмыс жүргізу бұл - қоғамда қалыптасқан оның рухани, физикалық, имандылық, психикалық, мәдени, зияткерлік жағынан дамуына және әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғауға бағыт алған мінез-құлық ережелері мен нормаларын қолдану жөніндегі ата-анасының немесе басқа да заңды өкілдерінің, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тарапынан оған әсер ететін үздіксіз процесс болып табылады.

Жастардың арасында есірткіге әуестік көбінесе оның терең салдарын түсінбеушіліктен басталады. Жасөспірімдер өзінің қоршаған ортасының кері әсеріне жылдам бойсұнғыш болып келеді. Жас болғандықтан және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты қоршаған ортаның әр сипатты әрекетіне адам ойына келмейтіндей іс-әрекетпен жауап кайтарады. Өз іс-әрекетінің салдарын дұрыс болжамау, жеңілтектік, жан-дүние, мінез-құлық пен дүниетанымның толық жетілмегендігі, иланғыштық, кері әсерге еліктеушілік алғаш рет спирт ішімдіктері мен есірткінің дәмін татуды тудыратын себептердің қатарына жатады. Жасөспірімдер өздерінің ержүректігін, дербестігін танытуға болатын өздерінің ішінде құрылған топтар мен ұйымдарға бірігеді. Мұндай топтар көшеде, би алаңдарында, мектепте, колледж, университет қабырғасында ұйымдасады және топтың ішінде өзара алғашқы «тексерістер» болып өтеді.

Есірткінің ерекшелігі адам оның бір-ақ рет дәмін татқаннан кейін оған байланып қалады. Міне, жасөспірімдердің нашақор болуы себептерінің бірі осында жатыр. Танысы бір рет дәмін татсаң немесе иіскесең, шексең нашақор болмайсың, қиындықтарыңды ұмытасың, ләззат аласың, жаныңа тыныштық орнайды деген алдау-арбау сөздермен нашақорлық жолына тартады. Ал әлеуметтік қиындықтардан, отбасындағы ұрыс-керістен, жұмыссыздықтан немесе ұжымдағы жанжалдан шаршаған тұлға қиындықтан аз уақытқа болса да «құтылып кетуді» ойлап, есірткінің дәмін татады да, өзі қалай нашақор санатына қосылғанын білмей де қалады. Осылайша, жастардың арасында нашақорлық дамып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1-ші қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған өзінің Жолдауында «синтетикалық есірткі тұтынатындардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіруде. Қазіргі ахуал өте күрделі, соңғы үш жылда тәркіленген «синтетиканың» көлемі 10 есе артқанын. Уақыт өткен сайын мұндай есірткі арзан әрі қолжетімді бола бастағанын. Нашақорлар оны әлеуметтік желі мен түрлі мессенджер арқылы емін-еркін сатып алып жатыр. Есірткіні, тіпті, үйге әкеп беретіндер бар. Бұл – аса қауіпті әрі ауқымды әлеуметтік кесел. Синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыұлттық деңгейде жүргізілуге тиіс. Сондықтан,

нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді жоспарын әзірлеу қажет» деп атап өтіп, әсіресе оның жастар арасында кең таралуына қарсы күрес жүргізуді күшейтуді тапсырды [1]. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 508 қаулысымен «Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» әзірленіп, бекітілді. Бұл жоспардың мақсаты – есірткінің қоғамға аса қауіпті түрлері, әсіресе синтетиканың жолын кесу; нашақорлыққа тәуелділікті ерте жастан анықтау; есірткіні қолданатындарды анықтау; уәкілетті органдардың құзыреті мен мәртебесін арттыру; материалдық-техникалық жағдайды жақсарту болып табылады [2].

Еліміз бойынша есірткі тұтынушылар саны азайғанымен, синтетикалық есірткіге тәуелділер қатары көбейген. Мәселен, елімізде дәстүрлі есірткі заттарын тұтынушылардың орта жасы 40-45 жас аралығында болса, синтетикалық есірткі пайдаланушылар негізінен 30-35-тегі, ал ұшпа ерітінділерді 20-25-тегі жастар тұтынатын көрінеді. Дәрігер-наркологтардың айтуы бойынша республикада синтетикалық есірткілер бірінші орынға шығып жатыр. Олардың ішінде «Меф» деп аталатын бифедрон мен «скорость» деген синтетикалық есірткіні жастарымыз жиі қолданып жүр.

Осылайша, заман ағымына және талабына сай, еліміздің жастары «синтетикалық есірткі» деп аталатын тұтынудың жаңа тенденциясына тап болды. Басты себеп - бұл заттардың қол жетімділігі мен арзандығы, интернет пен мессенджерлер арқылы сатып алу мүмкіндігі, ересектердің балаларының бос уақытын бақылаусыз ұстауы. Балалар мен жасөспірімдер ең осал орта болып табылады, оларда есірткі заттарының зияны туралы нақты білім жоқ. Оларды қолданатын балалар өздерінің тәуелсіздігін көрсетіп, басқа балаларды қабылдауға итермелеуі де осыдан шығады.

«Синтетикалық есірткі» дегеніміз не? Бұл психикалық және физикалық тәуелділікті тудыратын жасанды жолмен алынған психоактивті заттар. Танымал синтетикалық препараттарға мыналар жатады: экстази - планетада ең көп таралған есірткінің тізімінде; жылдамдық (*скорость*) - ол екі компоненттен дайындалады, шығу тегі синтетикалық клубтық есірткі ретінде белгілі; LSD - күшті психостимуляторларға жатады; тұздар (*мефедрон*) - психостимуляторлық қасиеттері бар есірткі. Ол өз атауын тұз кристалдарына сыртқы ұқсастығына байланысты алған; дәмдеуіштер - синтезделген психотроптарға малынған өсімдіктерден жасалған қоспалар болып табылады [3].

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің деректеріне сәйкес, синтетикалық есірткіге тәуелді Қазақстандықтардың саны 5 жылда 14 есеге өсті (2017 жылғы 40 пациенттен 2022 жылға 587-ге дейін).

Синтетикалық есірткінің басқа есірткі түрлерінен айырмашылығы, ол препараттардың химиялық құрамында. Оларды тұтынғанда жүрек қан-тамыр жүйесі зардап шегеді, иммунитет төмендейді, бұл жиі суық тиюге, саңырауқұлақ ауруларына әкеледі, бүкіл денеде абсцесс пайда болады. Инъекциялық формалар қауіпті жұқпалы аурулардың таралу қаупін тудырады,

мысалға вирустық гепатит және АИТВ. Сонымен қатар, нашақорлық өмір сүру ұзақтығын едәуір төмендетеді, интеллектуалды деградацияны тудырады. Дене толық психологиялық сарқылуды басып озады, орталық жүйке жүйесі бұзылады. Мысалы зейіннің бұзылуы, ойлаудың бұзылуы, ұйқысыздық, есте сақтау қабілетінің төмендеуі, ашуланшақтық.

Нашақорлық негізінен жастарға жылдам әсер ететінін білу маңызды. Сондықтан ата-аналар, педагогтар мен жұртшылық нашақорлықтың алдын алу бойынша бірлескен жұмыс жүргізуі тиіс, балаларда салауатты өмір салтына деген ұмтылысты дамыту қажет.

Есіңізде болсын, назар аудару, қамқорлық және достық қарым-қатынас әр балаға өте маңызды.

Республика аумағында 2023 жылғы ПМ–нің нұсқауы бойынша жергілікті ішкі істер органдарының басшылары мен өкілдері білім беру ұйымдарындағы білім алушылармен профилактикалық үлгідегі кездесулерді ұдайы түрде өткізді. Оған мысал ретінде, Солтүстік Қазақстан облыстық ПД жергілікті полиция қызметінің Петропавлдағы № 43 мектеп оқушыларымен кездесуін атап көрсетуге болады [4].

Әңгіме оқу орындарындағы буллинг және ақша қорқытып алу, жасөспірімдерді есірткі саудасына тарту секілді өткір тақырыптарға арналды.

Ақша қорқытып алу фактілері бойынша кәмелетке толмаған күдіктілерге қатысты 3 қылмыстық іс қозғалған. Оларға қылмыстық жаза шарасын сот тағайындайды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 194-бабының «қорқытып алу» санкциясы 13 миллион теңге айыппұлдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын көздейді.

Дәл осындай мерзімді жазаға есірткі сатуға қатысы барлар да тартылады. Айта кетейік, биыл есірткі сатқаны үшін екі жасөспірім ұсталды. Әдетте есірткі сатушылар курьерлер мен есірткі жасырушыларды әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы жалдайды.

Мұндай кездесулер жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған және оны полицейлер тұрақты негізде жүргізеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» № 1098 бұйрығына сәйкес КТІ УПИ кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады. КТІ УПИ жұмысы білім беру ұйымының педагогикалық ұжымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырылады. Оқу жылына әкімшілік учаскеде орналасқан білім беру ұйымдарында профилактикалық іс-шараларды өткізу кестесі жасалады, оны қалалық, аудандық орган бастығының орынбасары (не ЖПҚ бастығы) бекітеді және білім беру ұйымының басшыларымен келісіледі [5].

Бұдан бөлек, ПО өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық

бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы №591 Заңына» сәйкес, кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен қарайды және оларға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді және осы заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады [6].

## **2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПО ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ**

Нашақорлық мәселесі қазіргі таңда тек қана біздің мемлекетімізде ғана емес, бүкіл әлемдегі өзекті мәселе. Әлемдік статистика көрсеткіштері нашақорлықтың көбейгендігін айқындайды. Осы дүрбелең мәселе, шетелдік және отандық ғалымдарды ойландыруда. Бұл мәселе жайлы өткен ғасырларда да көп жазылған.

XIX ғасырда Францияда ең алғаш рет нашақорлық девианттық мінез-құлық ұғымы зерттелді. Бұл мәселелерді көтерген социолог Э.Дюркгейм болды. Одан кейін көптеген зерттеушілер, ғалымдар, социологтар, атап айтсақ К.Маркс, Р.Мертон, Э.Сатерленд, Т.Тард, З.Фрейд нашақорлық мәселелерін зерттеумен айналыса бастады. Қазақстанда бұл мәселе көтеріліп, социологтар М.Әженов, О.Нұсқабаев, Г.Әбдікєрова, Ш.Жаманбалаева, Д.Қазымбетова нашақорлықтың әсерін зерттеуде. Десекте, бұл мәселелерді зерттеудің қырлары көп. Атап айтқанда, есірткіге тәуелділікті девианттық мінез-құлықтың бір элементі ретінде қарастыруға әбден болады.

Қазіргі уақытта ең маңызды бағыттарға есірткіге қарсы күрес профилактикасында субъектілердің есірткіні заңсыз тұтыну мен оның айналымына қарсы іс-қимылдың жаңа тиімді технологияларын іздеу болып табылады.

Оларға есірткіге деген құштарлықты болдырмайтын және физикалық денсаулық басымдықтарын қалыптастыру, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі жетілдіру, есірткіден тұрақты бас тарту арқылы құндылық бағдарламаларын нығайтуға ықпал ететін мінез-құлықты қалыптастыру жатады.

Мәселен, 2020 жылы Ресей Федерациясының аумағында жаңа коронавирустық инфекцияның (*COVID-19*) таралуын болдырмау мақсатында қабылданған шектеу шараларының нәтижесінде, есірткіге қарсы профилактикалық жұмыстың, оның ішінде Интернет желісін пайдаланудың қашықтық нысандары басым күшке ие болды. Ақпараттық интернет-ресурстарды қалыптастыру мақсатында желілік акциялар мен онлайн-марафондар өткізу үшін бастамашыл топтар құрылып, есірткіге қарсы қондырғылар, жеке жауапкершілікті дамыту және есірткіні тұтынуға өз бетінше қарсы тұру қабілетін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілген. Бастамашыл топтар жұмысының маңызды бағыты интернет желісінде заңсыз таралған есірткіге қарсы контенттерді анықтау болды. Әлеуметтік желілерде, сондай-ақ Zoom платформасында қашықтықтан бейне дәрістер ұйымдастырылып, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен олардың ата-аналарына сабақтар жүргізілген.

Англияда нашақорлыққа қарсы профилактикалық жұмыстар бастауыш, орта мектеп және колледж оқушыларымен жүргізіледі. Есірткіге қарсы білім беру бағдарламасында баланың есірткіге деген қызығушылығын, әсіресе оларды қолдануды уақытында анықтау мұғалімдер мен ата-аналарға оңайырақ

болғандықтан оларға көп көңіл бөлінеді. Ағылшын наркологтары баланың мінез-құлқында өзгерістер болған жағдайда ата-аналарға баланы дереу дәрігерлерге көрсетуге кеңес бермейді. Оның орнына, баламен қарым-қатынаста сенімді, достық жағдай туғызып, оны қызықтыратын кез-келген мәселелерді көтере отырып есірткіні тұтынуды талқылауға мүмкіндік береді және бұл алаңдаушылық тудыратын себептің бар-жоғын анықтауға көмектеседі деп санайды.

Польшада есірткіні қолданудың алдын алу және нашақорларды оңалту жүйесі құрылған. «МОНАР» деп аталатын есірткіге тәуелді жасөспірімдер мен жастарды оңалту жүйесі жұмыс істейді. «МОНАР» - бұл нашақорлықпен күресте жастар қозғалысы болып табылады және оны Марек Катанский (*нарколог*) басқарады. Ал, нашақорлықпен күрестің бастапқы профилактикасында «құмырсқа ұясы» жобасы жұмыс істейді. «Құмырсқа ұясының» қызметінде екі негізгі бағытты ажыратуға болады: ақпараттандыру және оқыту (жастар көшбасшылары мен еріктілер қозғалысын дайындауды қоса алғанда), сондай-ақ есірткіге жанама қызмет көрсету. Тағы Польшада «мобильді профилактика» моделі бар. Мектептер мен жасөспірімдер клубтарына нашақорлықпен күресте арнайы дайындалған еріктілер мен олардың тәлімгерлері бірлесіп есірткіге қарсы қозғалысты насихаттау үшін автобустармен келеді.

Швециядағы есірткіге қарсы саясаттың мақсаты-есірткісіз қоғам құру болып табылады. Мемлекеттің саясаты, ең алдымен, есірткі заттарының таралуын болдырмауға бағытталған. Швед моделі бес негізгі элементті қамтиды: шекараны қорғау; қатаң қылмыстық заңнама; профилактикалық жұмыс; есірткіні теріс пайдаланудан зардап шегетін адамдарға медициналық және әлеуметтік көмек көрсету; көшедегі есірткі саудасына қарсы күрес. Ел деңгейінде профилактикалық жұмысты үйлестіруге «Халық денсаулығы институты» (ХДИ) жауапты. Ақпараттық-ағарту жұмысы базалық білімді таратуға, балалар мен жасөспірімдерде есірткіге белгілі бір көзқарасты дамытуға және жастарды белсенді ұстанымға ынталандыруға бағытталған. Ол принцип бойынша: ең жақын орта – ата-аналар, мұғалімдер, достар әсер етуі мүмкін. Мектеп бұл жұмыста маңызды арна болып табылады, әр білім беру мекемесі алкогольді, есірткіні және темекі шегудің зияны туралы негізгі білім беретін пәнді оқытудың жұмыс жоспарын жасайды. Көптеген ерікті ұйымдар жұмыс істейді: жастар және кәсіподақ ұйымдары, білім беру ұйымдары, «ата-аналар есірткіге қарсы» қоғамы, есірткіге қарсы күрес одағы, «Есірткісіз қоғам» бірлестігі және «есірткіні теріс пайдаланушыларға көмек көрсету одағы» жұмыс істейді [7].

### **3. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПО ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ДАМУ ДЕНГЕЙІ**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың міндеттері – адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, халықтың денсаулығын, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын, қоршаған ортаны, қоғамдық имандылықты, меншікті, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, мемлекеттік билікті және мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғау, сондай-ақ олардың жасалуының алдын алу болып табылады. Қолданыстағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 24-тарауында қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар мен оған жауапкершілік көрсетілген.

Осы тараудың 422-бабында «есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өткізудің және (немесе) медициналық емес тұрғыдан тұтынудың жолын кесуге шаралар қолданбауға» қатысты әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Яғни, осы баптың 1-ші бөлігінде «ойын-сауық мекемесі, сондай-ақ білім беру ұйымы иесінің есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өткізудің және (немесе) медициналық емес тұрғыдан тұтынудың жолын кесуге шаралар қолданбауы» – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатыны айқындалған [8].

*Ескертпе. Осы Кодексте көрсетілген ойын-сауық мекемелеріне ойын мекемелері, түнгі клубтар, дәмхана-барлар, мейрамханалар, интернет-дәмханалар, компьютер, бильярд, боулинг-клубтары мен кинотеатрлар, театр-ойын-сауық мақсатындағы объектілер және көңіл көтеру-демалыс, театр-ойын-сауық, спорт, мәдени-демалыс мақсатында қызметтер көрсетілетін өзге де ғимараттар, үй-жайлар, құрылыстар жатады.*

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, соңғы үш жылға көрсеткіштерді алып қарасақ 2023 жылы осы баппен 1 дерек тіркеліп, жеке тұлғаға 258750 теңге айыппұл салынған. Ал, 2022 жылы 5 дерек тіркеліп, 689175 теңге көлемінде айыппұл салынған, 2021 жылы – 2 дерек тіркелген.

Аталмыш бап бойынша аумақтық ішкі істер бөліністерінің қызметкерлері, оның ішінде КТІЖ УПИ оқу орындарының басшылығымен және оқытушылық құрамымен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізуін міндеттеу керек. Яғни, бұл баптың заңды салдарын оқу орындарының немесе мектептердің басшылығы маңыздылығын түсініп, оқушылардың арасында есірткі заттарын тұтыну деректерін байқаған жағдайда, дереу арада жергілікті ішкі істер органдарына хабарлап, уақытылы шара қолдану керектігін жүктеген жөн. Сонда ғана, жасөспірімдердің сана сезімінде мектеп қабырғасының өзінде

оның жасаған заңға қайшы теріс қылықтарына жауаптылық бар екенін түсінеді.

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» № 271-IV Заңына сәйкес ПО өз құзыреті шегінде құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын, яғни адам не адамдардың шектеулі тобы тарапынан құқық бұзушылық жасаудың алдын алу, сондай-ақ оны жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою мақсатында олардың құқықтық санасына және мінез-құлқына жүйелі түрде мақсатты ықпал ету үшін қолданады [9].

Елімізде 2023 жылы өткен жылмен салыстырғанда 377,7 кг-ға немесе есірткінің синтетикалық түрлерін алып қоюдың 57,5% - ға ұлғаюы тіркелген (10 ай. 2023 жылы – 888,8 кг, 2022 жылы-511,1 кг), сондай-ақ химиялық прекурсорларды алып қоюдың 52 еседен астам (9 ай. 2023 жыл – 79 т., 2022 жыл – 1,5 т).

Заңсыз контенті бар интернет-ресурстарды жедел бұғаттау мақсатында ПО ның арнайы бөліністерімен интернет кеңістігінің күнделікті мониторингі жүзеге асырылады, ол арқылы есірткі құралдары мен психотроптық заттарды өткізу жүзеге асырылады.

Нәтижесінде ішкі істер органдары ІІМ хабарламасы бойынша уәкілетті ведомство бұғаттаған есірткінің заңсыз айналымына қатысы бар 3152 сайтты анықтаған.

Нашақорлықтың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылады. Бұл салада елде 104 ҮЕҰ жұмыс істейді, олардың тікелей қатысуымен өңірлерде профилактикалық және есірткіге қарсы насихат жұмыстары жүзеге асырылады.

Қызметтің негізгі бағыттары-нашақорлықтың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау, бұрынғы нашақорларға құқықтық және әлеуметтік көмек көрсету. Білім беру объектілері мен жоғары оқу орындарында полиция өкілдерімен бірлесе отырып тұрақты негізде іс-шаралар, оның ішінде акциялар, семинарлар, дәрістер, дөңгелек үстелдер, конкурстар, спорттық жарыстар мен турнирлер өткізіледі. Нашақорлықтың алғашқы профилактикасы бойынша іс-шаралар қолайсыз отбасылық, әлеуметтік жағдайдағы, өмірлік қиын жағдайдағы балаларға, жасөспірімдер мен жастарға бағытталған [10].

Республикада жыл сайын 500 мыңнан астам адамды қамти отырып, 9 мыңнан астам профилактикалық есірткіге қарсы іс-шаралар өткізіледі. Мақсатты жұмыс жастармен ұйымдастырылған, оның ажырамас бөлігі салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Алдын алудың көп сатылы моделі құрылды, ол білім беру мекемелерінің қызметкерлерін, сондай-ақ мектеп психологтарын даярлау процесін жолға қоюға ықпал етеді. Мектептерде нашақорлықтың алдын алуды ұйымдастырудың халықаралық стандарттары зерделеніп, енгізілуде. Оқушылардың ата аналарымен жоспарлы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. 9-11 сынып оқушыларымен есірткіні қолданудың зиянды салдары туралы, сондай-ақ оларды нашақорлар ортасына түспеуі үшін балалармен сенімді қарым-қатынас орнату әдістері жолға қойылған.

Колледждер мен жоғары оқу орындары үшін есірткіге қарсы заңнаманың жаңа нормаларын түсіндіре отырып, бейне-дәрістер дайындалды. Ақпарат



мектеп сайттарында, ата-аналар чаттарында орналастырылды.

ІІМ Денсаулық сақтау және білім министрліктерімен бірлесіп білім беру ұйымдарында профилактикалық іс-шаралар жоспарын іске асырды. Оның мақсаты-құқық бұзушылықтардың алдын алу және кәмелетке толмағандар арасында құқықтық мінез-құлықты тәрбиелеу, оларды салауатты өмір салтына баулу, сондай-ақ есірткіден бас тарту.

Ғылым және жоғары білім Министрлігімен нашақорлықтың алдын алуда және студенттерді волонтерлік профилактикалық жұмысқа тартуда ынтымақтастық жолға қойылған [11].

#### **4. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПО ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ДАМУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ, НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЖАЛПЫ ТӘСІЛДЕРІ**

Ішкі істер органдарының есірткі құралдарымен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі функцияларды жүзеге асыру барысында қойған заңды талаптары азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан ұйымдардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік және муниципалдық қызметшілердің, мемлекеттік органдардың орындауы үшін міндетті болып табылады. ПО осы міндеттерді шешу кезінде есірткі құралдарын пайдаланатын адамдарды анықтау, оларды есепке алу және тиісті ақпарат алмасу саласында денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғауды басқару органдарымен, мемлекеттік билік органдарымен, сондай-ақ ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтармен өзара тығыз іс-қимыл жасайды.

Осы кезде, нашақорлыққа қарсы күрес саласындағы ПО міндеттеріне мыналар: есірткінің заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдаланудың өсуін тежеу; қоғамда осы құбылысқа теріс көзқарас қалыптастыру; есірткі заттарының таралу қаупімен күресудің қолданыстағы тетігінің тиімділігін арттыру; нашақорлықтың және олардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша қосымша шараларды уақтылы әзірлеу және қабылдау кіреді [12].

Нашақорлықпен күресудің тағы бір негізгі тәсіліне - есірткіге тәуелділіктің таралуын болдырмауға бағытталған профилактикалық іс-шаралар жүргізу жатады. Мұндай шараларды түрлі әлеуметтік институттар жүргізеді.

Мәселен:

**Медициналық мекемелер** - жастар арасында нашақорлықтың медициналық профилактикасын жүргізеді, себебі нашақорлық бұл жай ғана жаман әдет емес, ол нағыз ауру;

**Заң шығарушы органдар** - есірткі заттарын сату және оның таралуымен күресу жолдарын айқындайды;

**Күштік құрылымдар** - осы заттардың заңсыз айналымын тоқтатуға бағытталған нақты операцияларды жүргізе отырып, заңнамалық шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

**Ғылыми мекемелер** - адамды химиялық заттарға тәуелділіктен емдеуге және осындай тәуелділікке бейімділігі бар адамдарды анықтауға болатын құралдарды жасайды [13].

Нашақорлықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін профилактикалық және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған шаралардың мақсаты- есірткінің адамның физикалық және психикалық жағдайына теріс әсері туралы ақпаратты халыққа кеңінен тарату.

Жүргізілетін профилактикалық және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған шаралардан бөлек, нашақорлықты ерте жастан анықтау бойынша жұмысты ұйымдастыру қажет. Ерте кезеңде бұл аурудан, әсіресе жастарды құтқару әлдеқайда оңай. Мұнда емдеудің жаңа технологиясы мен әдістерін

енгізу және қолдану көмектеседі. Есірткіні қолдануды анықтау үшін міндетті тестілеу (скрининг) сияқты шараларды енгізу және заңдастыру керек, ол үшін қоғамның, қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік құрылымдардың қолдауы қажет. Бұл мәселені шешу кезінде әртүрлі әлеуметтік және саяси аспектілер назарға алына отырып, қоғамдық және мемлекеттік ұйымдармен жан-жақты, тікелей байланыста шешу дұрыс болады. Көріп отырғанымыздай, нашақорлықты емдеу – бұл адам өмірінің әртүрлі салаларына қатысты өте күрделі процесс. Сондықтан, нашақорлықтың алдын-алудың маңызды бағытына есірткінің денсаулыққа, адамның өміріне, қоғамның дамуына зиянды әсерін көрсете отырып-баланың өзі есірткіден саналы түрде бас тартатындай, жастарды есірткіге, нашақорлыққа қарсы рухта тәрбиелеу орынды болады.

Есірткі мен психотроптық заттарды теріс пайдалану және заңсыз айналым саласындағы әкімшілік жауапкершілік институтын жетілдіру осы саладағы ҚР әкімшілік құқығын реформалаудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда оның жағдайы әлеуметтік, құқықтық мемлекеттің даму қажеттіліктеріне сәйкес келмейтінін ескере отырып, олқылықтарды толтыру, осы саланы әкімшілік-құқықтық реттеуде қалыптасқан қайшылықтарды жою қажеттілігі туындайды. Сондай-ақ, есірткі мен психотроптық заттарды теріс пайдалану саласында құқық бұзушылық жасайтын кәмелетке толмағандарға да, балалардың ата-аналарына да әкімшілік ықпалды едәуір күшейту қажет. Есірткіні қолдану проблемасы бізге таңсық емес, алайда соңғы онжылдықта Қазақстандағы жастар арасындағы есірткі жағдайы айтарлықтай нашарлады. Бұл процеске идеологиялық, саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы қоғамның жүйелік дағдарысы, жалған мәдениеттің ықпалының күшеюі, сондай-ақ халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі сияқты факторлар ықпал етті.

Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың әкімшілік-құқықтық тетігі деп осы қатынастарға қатысушылардың өкілеттіктерін іске асыруға, сондай-ақ осы қатынастарға қатысушыларға әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануға бағытталған есірткі құралдарын теріс пайдалануға және заңсыз айналымға қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығын түсіну керек. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың әкімшілік-құқықтық тетігінің негізгі құрамдас бөліктері:

а) құқықтық нормалармен регламенттелетін және тиісті қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар;

б) аталған құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын құқық нормалары;

в) есірткі құралдарының айналымына әртүрлі тараптарды реттейтін және ұлттық заңнама жүйесін қалыптастыратын нормативтік-құқықтық актілер;

г) балалар арасындағы Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылды баланың құқықтарын іске асыру үшін тиісті жағдайлар жасай отырып, өзінің күнделікті қызметі процесінде жүзеге асыруға арналған мемлекеттік органдар;

д) қолданыстағы заңнаманың нормалары бұзылған жағдайда қолданылатын әкімшілік мәжбүрлеудің құрамдас бөлігі ретінде әкімшілік жауапкершілік.

Әлемдегі және елдегі есірткі жағдайының дамуының теріс тенденциялары осы жағымсыз құбылыстарға қарсы тұру үшін қабылданатын шаралар жеткіліксіз екенін көрсетеді. Мұндай жағдайдың негізгі себептерінің бірі бүгінде осы салада қалыптасқан жағдайға сәйкес келмейтін қолданыстағы заңнаманың жетілмегендігі және оның құқық қолдану практикасының қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі болып табылады. Осы салада профилактикалық іс-шараларды жүргізуге байланысты қатынастардың жеткіліксіз реттелуі олардың тиімділігін айтарлықтай тарылтады. Сондықтан нашақорлықтың таралуына қарсы профилактикалық іс-шаралардың тиімділігінің жеткіліксіздігі аталған проблеманы одан әрі ғылыми талдауға және тиісті ғылыми негізделген тұжырымдаманы әзірлеуге қажеттілікті тудырады. Ол осы әлеуметтік жағымсыз құбылысқа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу үшін негіз болуға тиіс. Еліміздегі нашақорлық, есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жай-күйі мен жалпы сипатын зерттеу есірткі жағдайының нашарлауына ықпал ететін бірқатар факторлар бар екенін атап өтуге мүмкіндік береді, атап айтқанда: айтарлықтай есірткі базасының болуы; маңызды халықаралық деңгейде геосаяси орналасу ерекшеліктері; Батыс Еуропа елдеріне есірткі заттарының заңсыз транзиті үшін жаңа арналарды пайдаланудың ыңғайлылығы; халықаралық есірткі сатушылар үшін Қазақстан аумағы есірткі өткізудің тартымды нарығының болуы [14].

Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың теріс пайдаланылуына және заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың әкімшілік-құқықтық тетігінің мазмұнын зерттеу есірткі құралдары мен психотроптық заттардың теріс пайдаланылуына, заңсыз айналымына қарсы іс-қимылды қамтамасыз етудің әкімшілік-құқықтық тетігі ұғымын айқындауға, оның мәні мен құрылымын анықтауға мүмкіндік берді. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың теріс пайдаланылуы мен заңсыз айналымы саласында жасалатын құқық бұзушылықтар және олардың әкімшілік жауапкершілігінің ерекшеліктері біздің мемлекетіміз бен әлеміміздегі есірткі жағдайының дамуының теріс үрдістерін анықтауға мүмкіндік берді. Құқық қорғау органдарының осы теріс құбылысқа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдаған шаралары жеткілікті тиімді емес деген қорытынды жасауға болады. Бұл ереженің басты себептерінің бірі-қолданыстағы заңнаманың жетілмегендігі, ол қалыптасқан жағдайға және құқық қолдану практикасының қажеттіліктеріне сәйкес келмейді. Қазіргі уақытта осы саладағы құқық бұзушылықтарды анықтаудың негізгі және тиімді жолдары:

1) Ірі қалаларда, аудан орталықтарында жастардың музыкалық фестивальдерінің, ойын-сауық кештерінің өткізілетін орны мен күні туралы ақпаратты интернет желісінде және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды пайдалану немесе

өткізу орындарын анықтау мақсатында тиісті мониторингті жүзеге асыру және тұрақты қадағалау;

2) есірткі заттарын немесе психотроптық заттарды заңсыз пайдалану немесе өткізу фактілерін анықтау және жолын кесу мақсатында ойын-сауық мекемелері мен жастардың болатын басқа да орындарының жедел-профилактикалық пысықтауларын жүргізу. Жастар ортасында есірткі құралдарының таралуына қарсы іс-қимылдың аталған әдістерін қамтамасыз ету үшін есірткі құралдары мен психотроптық заттарды теріс пайдаланатын және олардың заңсыз айналымы саласында құқық бұзушылықтар жасайтын адамдар арасында профилактикалық жұмысты жүзеге асыратын органдар арасында өзара іс-қимыл жасаудың және ақпарат алмасудың бірыңғай тетігін құру қажет.

## 5. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР, ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының терминологиясында нашақорлықтың алдын алудың бастапқы, қайталама және үшінші профилактикасы бар. **Бастапқы** алдын-алу дегеніміз жалпы есірткіні қолданудың алдын-алу болып табылады. Бұл алдын алу әдісінде төрт негізгі бағыт бар: жастар мен жасөспірімдер арасындағы белсенді тәрбие жұмыстары; халықты санитарлық-гигиеналық тәрбиелеу; есірткінің таралуы мен қолданылуына қарсы қоғамдық күрес; әкімшілік-заңнамалық шаралар. Нашақорлықтың **қайталама** алдын-алу дегеніміз есірткі заттарды қолданатын адамдарды ерте бастан анықтау және оларды емдеу, сондай-ақ рецидивтің алдын алу және қолдау терапиясын жүргізу. **Үшінші** профилактиканың міндетіне нашақорлықпен ауыратын науқастарды медициналық және әлеуметтік-еңбекке оңалту кіреді.

Есірткіні қолдануға бейімділік тұрақсыз, истерикалық сипаттағы, әлеуметтік және психикалық нормалардан кез-келген ауытқуларға төтеп бере алмайтын, депрессияға бейім, негізгі әлеуметтік талаптарға теріс көзқараспен қарайтын жасөспірімдерде болады.

Нашақорлықтың алдын алу есірткі заттарын белсенді анықтауды да қамтиды. Жастардың ынтымақтастық (солидарность) сезімі жоғары дамыған, сондықтан олар топта есірткіні қолдануды жөн көреді. Сондықтан зерттелетін жасөспірімнен оның есірткілік «жолдастары» туралы ақпарат алу қиынға соғады. Ол үшін есірткіні жаңадан ашылған тұтынушының жақын ортасын фронтальды тексеру әдісін қолдану керек.

Нашақорлықтың алдын алуда балалар мен жасөспірімдер арасындағы санитарлық-ағарту жұмыстары маңызды. Бірақ бұл мәселе бойынша бүгінгі күні ортақ пікір жоқ. Сонымен, біз бүкіл оқу жылы бойы мектепте медициналық насихат жүргізуді ұсынамыз және нашақорлықтың алдын алу курсына оқу бағдарламасына енгізу қажет деп санаймыз.

Нарколог-дәрігерлер мектеп, колледж бен ЖОО-ның оқытушыларына білім алушылардың есірткіден немесе алкогольден мас болу фактісін анықтаудың қарапайым тәсілдеріне үйрету бойынша семинарлар өткізу қажет деп есептейміз. Сол кезде жасөспірімнің бойында осы мәселеге сақтықты қалыптастыру және үрей сезімі пайда болады.

Ауыр уланулар, жаралар, есірткінің артық дозалануынан болатын өлім-жітім туралы хабарламалар, бейнероликтер жасөспірімнің санасына терең әсер етеді. Сонымен қатар жасөспірімдердің назарын нашақорлықтың нәтижесі физикалық дамуға, интеллектке және ұрпаққа зиянды әсерін тигізетініне аудару қажет.

Алдын алу шараларында жасөспірімдердің наркологиялық қызметі мен ПМ-нің тиісті бөлімшелерінің, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың өзара іс-қимылы өте маңызды болып табылады. Полиция қызметкерлері жастарды нашақорлықтан тексерілуге және емдеуге тартуға ықпал етуі керек. Егер жасөспірім наркологиялық диспансерге барудан

жалтарса, психотерапиялық әсерге бой бермесе және ол жастар арасындағы нашақорлар тобының жетекшісі болса, онда бұл жерде әкімшілік шаралар қабылдау қажет.

Жастар ортасында есірткінің алдын алуда білім беру мекемелерінің ықпалы үлкен маңызға ие. Білім беру мекемелерінде нашақорлықтың алдын алу бойынша семинарлар, дәрістер, сынып сағаттары түріндегі іс-шаралар үнемі өткізілуі керек. Жасөспірімдер мен жастарға нашақорлықтың ауыр зардаптарға әкелген нақты жағдайлары, есірткіні қолданудың денсаулыққа, интеллектке, физикалық дамуға әсері туралы кеңінен айтылу керек. Сондай-ақ, ашық сабақтар, есірткі қолданудан бас тартып, өз өмірін жолға қойған жастармен кездесулер, осы тақырыпта шығармашылық конкурстар-жобалар өткізуге де болады. Ақпараттық технологиялар дәуірінде әртүрлі мультимедиялық құралдар, деректі фильмдер мен презентациялар жастардың санасына тез қонады және көмектеседі.

Қоғамның нашақорлыққа қарсы тұруы - жүргізілетін профилактикалық жұмыстың сапасына байланысты. Сондықтан, жасөспірімдерге келгенде бұл жұмыстар «немқұрайлы» және «есеп үшін» жүргізілмеуі керек [15].

## **6. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПО ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ КӨЗДЕЛЕТІН НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

Қолданыстағы қылмыстық заңнама бойынша (*ҚР ҚК-нің 296-бабы*) есірткіні тек қоғамдық орындарда ғана тұтынуға тыйым салынған [16]. Ал бұған дейін, яғни 2014 жылға дейінгі аралықта медициналық емес мақсатта есірткіні қолданғаны үшін әкімшілік жауапкершілік болған болатын. Статистика бойынша бұл ретте жыл сайын 2,5 мыңға жуық адам әкімшілік жауапқа тартылған. 2014 жылдан кейін медициналық емес мақсатта есірткіні қолдануға жауапкершілік Қылмыстық кодекске ауысты, алайда есірткіге тыйым салу тек қоғамдық орындарға ғана деп бекітілді. Нәтижесінде, 2023 жылы медициналық емес мақсатта есірткі тұтынғандарға қатысты 89 теріс қылық тіркелсе, оның ішінде 30-ы ғана сотқа берілген. Дегенмен де, статистика бойынша мемлекетте есірткіге тәуелділік төмендегені әлі де байқалмайды. Керісінше «қоғамдық орын» деп белгіленген нормаға сәйкес есірткіге тәуелділер «мен есірткіні өзімнің үйімде ғана тұтынып жүрмін және бұған ешқандай жауапкершілік жоқ» деген бір ғана сөзімен жауапкершіліктен оңай құтылып жатыр. Және де биыл елімізде есірткіні медициналық емес мақсатта пайдаланған 370 мыңға жуық дерек анықталған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, нашақорлықтың алдын алу және жолын кесу, оның кең қолданылу деректерін төмендету мақсатында есірткіні медициналық емес мақсатта қолданғаны үшін бұрынғыша әкімшілік жауапкершілік енгізу орынды болады деп есептейміз.

Қоғамдық орындарда есірткіні медициналық емес мақсатта пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілік, ал қалған жағдайда (*көлікте, үйде*) әкімшілік тәртіпте жауапкершілікке тартқан жөн болады. Бұл шаралардың барлығы есірткіні медициналық емес мақсатта пайдалануға толық тыйым салуды камтамасыз етеді деуге болады.

Аталған норманың кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылу аясын 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған құқықбұзушылықтар анықталған жағдайда олардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға айлық есептік көрсеткіштің белгіленген мөлшерінде айыппұл салынуы тиіс.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Магистерлік жобаны қорытындылай келе, біз жоғарыда айтылғандардың барлығын саралай отырып, келесідей ұсыныстарды жасағымыз келеді:

Ішкі істер органдары өз қызметінің бағыттарына сәйкес және заңнамада көзделген тікелей міндеттерді шешу шеңберінде нашақорлықтың алдын алуға қатысады. Нашақорлықтың алдын алу ағартушылықтың (*білім беру процесінде*) ажырамас бөлігі болуы керек. Ол үшін мектептерде нашақорлықтың алдын алу бойынша ПО-ның, дәрігер-наркологтың қатысуларымен сапалы дәрістер мен сабақтар өткізіп, деректі және көркем фильмдер көрсеткен жөн. Жасөспірімдер арасында жақсы профилактикалық жұмыс айтарлықтай нәтиже береді және оны үнемі және кең көлемде жүргізу керек. Жасөспірімдер арасында дұрыс жүргізілген профилактикалық іс-шаралар міндетті түрде ерте жастағы нашақорлыққа тосқауыл болады және есірткіге басы ауған жастардың санын азайтады.

- Нашақорлықтың алдын алу жөніндегі ақпараттар, жарияланымдар мынадай талаптарға сай болуы тиіс:
- позитивті болуы және бойында шарасыздықтың белгілері жоқ;
- жағымсыз ақпараттар алкоголь мен есірткіні қолданудың қайғылы салдарын қамтуы керек;
- бұқаралық ақпарат құралдарында есірткі мен алкогольді қолдану көріністері көрсетілмеуі керек;
- кез-келген басылымдарда алкоголь мен есірткіні қолданудың алдын-алу бойынша ұсыныстар туралы ақпарат болуы керек;
- әрбір жарияланым бағытталған аудиториясына мотивациялық әсер етуі керек;
- материалдарды дайындауды тек дәрігер-наркологтар, психологтар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әлеуметтік қызметкерлер ғана жүзеге асыруы тиіс;
- нашақорлық пен маскүнемдіктің алдын алу бойынша кез келген ақпаратты арнайы сараптамалық кеңес мақұлдауы тиіс.

Нарколог-дәрігерлер мектеп, колледж бен ЖОО-ның оқытушыларына білім алушылардың есірткіден немесе алкогольден мас болу фактісін анықтаудың қарапайым тәсілдеріне үйрету бойынша семинарлар өткізу қажет.

Нашақорлықты ерте жастан анықтау мақсатында білім беру ұйымдарында міндетті тестілеу (скрининг) түріндегі медициналық шараларды енгізу керек.

ҚР ӘҚБтК-нің 422-бабын «Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өткізудің және (немесе) медициналық емес тұрғыдан тұтынудың жолын кесуге шаралар қолданбау» тәжірибеде жиі қолдану.

Осы жылы Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамымыздың жаман тұстарын, оның ішінде «нағыз індетке» айналған есірткі саудасын атап өтті. Біз есірткіге қарсы күресті күшейтуге уақыт жоғалтпауымыз керек, өйткені ертең кеш болуы мүмкін- деді ол жалпы құқық қорғау органдарына, сондай-ақ әрбір қазақстандыққа.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 508 қаулысы.
3. <https://qazaqstan.tv/news/161374/>
4. <https://qyzyljartv.kz/kz/news/41134/>
5. «Ішкі істер органдарының кәметке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 бұйрығы.
6. «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы.
7. Антонян, Ю. М. Оценка наркотической ситуации в России / Ю. М. Антонян/ Противодействие незаконному обороту наркотиков и злоупотреблению ими в странах СНГ: материалы междунар. семинара (19 апр. 2012 г., Брянск). — Москва; Брянск: МУ МВД России, 2012.
8. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.
9. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы.
10. <https://www.zakon.kz/stati/6428694-sinteticheskij-mir-kak-mvd-rk-boretsya-s-problemoy-narkomanii-v-strane.html>, Атырау қаласы, ұлттық құрылтайдан.
11. Аналитическая информация о наркоситуации в Республики Казахстан за 2023 год, ежегодный доклад Департамента по борьбе с наркобизнесом Министерство внутренних дел Республики Казахстан.
12. Еникеева Д.Д. Как предупредить алкоголизм и наркоманию у подростков: Учебное пособие для студентов средних и высших педагогических учебных заведений.— М.: «Академия», 2002– 144б.
13. Портнов А. Европейский опыт профилактики наркомании [Электронный ресурс] Режим доступа: [https://ilive.com.ua/health/evropeyskiy-oprytprofilaktiki-narkomanii\\_108835i15956.html](https://ilive.com.ua/health/evropeyskiy-oprytprofilaktiki-narkomanii_108835i15956.html).
14. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов ат. Алматы академиясының ғылыми еңбектері, №3(76)2023.
15. ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы «Есірткісіз болашақ» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «Нашақорлықтың, уытқұмарлық және маскүнемдіктің алдын алу және жолын кесу жөніндегі ІІО қызметін ұйымдастыру» 2023. С. 91-94.

16. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.